

**Бұқаралық ақпарат құралдарына зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның инвестициялық қызметтерінің нәтижелері туралы есептерді жариялау туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директоры 1999 жылғы 25 маусым N 355. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 849. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 қыркүйекте 365 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет туралы есеп берудің тәртібі және нысандары туралы ереженің 2-тарауының 4-тармағын орындау мақсатында және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі "Компаниялар" деп аталады) және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға жататын бірыңғай есеп беру нысанын айқындау мақсатында Ұлттық комиссияның Директораты қаулы е т е д і :

1. Компаниялардың Қазақстан Республикасының аумағындағы таралымы кемінде 15 мың дана газеттерде мынадай есеп берушілікті жариялауға міндетті е к е н д і к т е р і б е л г і л е н с і н :

1) тоқсан сайын есепті тоқсан бойынша - осы Қаулының 1-қосымшасындағы үлгі бойынша Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің және Компанияның өз активтерінің жай-күйі туралы біріктірілген е с е п б е р у ;

2) ай бойынша қаржылық жылдың аяқталуы бойынша - Компанияның есептегі кезіндегі қаржылық және инвестициялық қызметіне тексеріс жүргізген аудитордың атауын көрсете отырып бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп берушілік туралы заңдарға сәйкес өз активтері бойынша қосымша жылдық қаржылық есеп берушілікті (салық органдары тексеріс жүргізгеннен және есептегі кезеңдегі қаржылық есеп берушілікті тексеру туралы аудиторлық қорытындыны (есепті) бергеннен кейін).

*Ескерту: 1-тармақ толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 1999 жылғы 26 қазандағы N 461 қаулысымен.*

2. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның Қазақстан Республикасының аумағындағы таралымы кемінде 15 мың дана газеттерде тоқсан сайын осы Қаулының 1-қосымшасының 1-бөліміндегі үлгі бойынша зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы мәліметтерді жариялауға міндетті екені белгіленсін.

2-1. 1-қосымшаның 1-бөліміндегі 16-графасында көрсетілген зейнетақы активтерінің табысы осы Қаулымен мына формуламен есептелінетіні анықталсын:

$$((C_n / C_1) - 1) : S) T 100$$

$C_1$  - зейнетақы активтерінің шартты өлшемі күнтізбелікті жылдың соңғы айының орташа құны, келер жылдың есепті тоқсаны.

$C_n$  - зейнетақы активтерінің есепті тоқсанындағы соңғы айының шартты өлшемінің орташа құны;

$S$  - осы есепті тоқсанның басынан бастап соңғы күнінен дейінгі жыл бойындағы күнтізбелік күннің саны;

$T$  - есепті тоқсанның жыл бойындағы күнтізбелік күнінің саны;

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 1999 жылғы 26 қазандағы N 461 қаулысымен.*

2-2. осы Қаулымен 1-қосымшаның 1-бөлімінің "Зейнетақы активтерін инвестициялау (%)" бағанасына жинақтаушы зейнетақы қорларын зейнетақы активтерін инвестициялаудың жалпы құнының есептелген көрсеткіштерінің проценті көрсетілгендігі (инвестициялық қорлардағы және ақша аудару жолындағы орналастырылмаған қалдығын есептемей) анықталсын.

*Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 1999 жылғы 26 қазандағы N 461 қаулысымен.*

3. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны зейнетақы активтері инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына

жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның (оған осы Қаулыны өзінің мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

**Ұлттық комиссияның Төрағасы**

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 25 маусымдағы N 355 қаулысына 1 қосымша

**Зейнетақы активтерінің жыл басынан табысының өсімі жөнінде (жылдық %) тоқсанындағы Тоқсан сайынғы есебі**

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 25 маусымдағы N 355 қаулысына сәйкес жарияланады 1-бөлім. Зейнетақы активтерінің жай-күйі**

Инвестицияланған зейнетақы активтері (%-пен)						
Жинақтаушы зейнетақы қоры	Кастодиан	Зейнетақы	Қазақстан Республикасы	Үкі-Қазақстан Республикасы	Ұлттық Банкінің	Мемлекеттік
1	2	3	4	5	6	7
Таза	Қазақстан Республикасы	Үкі-Қазақстан Республикасы	Ұлттық Банкінің	Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік
1	2	3	4	5	6	7
орта және ұзақ мерзімді	қысқа мерзімді	теңге	шетелдік	теңге	шетелдік	теңге
мен	дік	мен	дік	мен	дік	мен
лютамен	лютамен	лютамен	лютамен	лютамен	лютамен	лютамен
A	B	1	2	3	4	5
Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :						
Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының	Шетелдік	Халықаралық	Екінші деңгейдегі	Зейнетақы активтері
лікті атқарушы органдары	шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	дік	аралық	дегі	банктер-нің жыл басынан табысының өсімі жөн.
ған мемлекеттік бағалы қағаздар	ған мемлекеттік бағалы қағаздар	ған мемлекеттік бағалы қағаздар	дің	рының	ттары және	табысының өсімі жөн.
			қағаз-	қағаз-	депозиттері	інде (жыл)
			дары	дары	теңге/шетел-	дық (%)

теңге-	!	шетелдік!	теңге-	!	шетелдік	!	!	!	мен	!	дік	ва-	!
мен	!	валюта-	!	мен	!	валютамен	!	!	!	!	!	!	лютамен!
	!	м	!	е	!	н	!	!	!	!	!	!	!
8	!	9	!	10	!	11	!	12	!	13	!	14	!
15	!	16											

**Е с к е р т у :**

1 "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның тоқсан сайынғы есептерінде толтырылмайды.

2 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаментінің 1998 жылғы 16 сәуірдегі N 61 бұйрығымен бекітілген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың есеп жүргізулері және есеп беруді жасауы" 25-ші бухгалтерлік есеп жүргізу стандартына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 25 маусымдағы N 355 қаулысына

1 қ о с ы м ш а

(жалғасы)

**2-бөлім. Өз активтерінің жай-күйі**

Компанияның төленген жарғы- ! Компанияның өз капи! Компанияның  
ка лы п т а с т ы -  
лық капиталының мөлшері ! талының мөлшері ! рылған резервтік капи-  
! талының мөлшері

1 ! 2 ! 3

Бірінші басшы (тегі, аты-жөні) Бас бухгалтер (тегі, аты-жөні)